

Теректі негізгі мектебі бойынша 2021-2022 оқу жылындағы тәрбие жұмысының талдауы

Болашақта ел тізгінін ұстар азаматтар - бүгінгі мектеп оқушылары. Осы қағиданы нақты ұғынған елбасы Н.Ә.Назарбаевтың, «Ұлт болашағы білімді ұрпақ қолында» деп әрдайым айтқан сөзі дәлел. Шын мәнінде бүгінгі жас - ертеңгі елдің мызғымас тірегі, келешек келбеті. Сол себепті олардың білімді, бәсекеге қабілетті, жан-жақты әлеуметтенуі ел дамуындағы аса маңызды фактор болып табылады. Сондықтан білім алушылар арасында осы факторды шешуде, тәрбие жұмысын жоғары деңгейге ұйымдастыруда және жүзеге асыруда төмендегі негіздемелер жұмыс жоспарын құруда алынатыны сөзсіз.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хаты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс – шаралар жоспары; Ақтөбе облысы білім басқармасының 2019 жылғы 19 тамыз № 252 санды, Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы № 255 бұйрығы және іс-шаралар жоспарын басшылыққа ала отырып, мектебімізде тәрбие жұмысының іс-шаралар жоспары 8 бағыт бойынша жасалынған.

Жоспар мектептің қоғамдық беделін көтеруге, қазіргі заманғы тәжірибе және ұлттық дәстүр негізіндегі тәрбие құрылымы мен мазмұнын жаңартуға, тәрбие және оқу процесін үйлесімділікті қолдануға, қоғамдық және отбасылық тәрбиеге бағытталған.

1. Теректі негізгі мектебінде тәрбие жұмысының проблемасын тек осы оқу жылына негіздеп алдық, ол қазіргі таңда сан-саналы, мәдениетті, көп этникалық үлкен өмірге енуге дайын, туған жерін, Отанын сүйетін жеке тұлға тәрбиелеу. Бұл проблеманы шешуде біз төмендегідей мақсатты алдық: жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтармен тәрбиеленген, көшбасшылық қасиеттері бар, әлеуметтік және тұлғалық өзін-өзі анықтауға қабілетті білімді тұлға қалыптастыру. Бұдан туындайтын міндеттер:

- Оқушылардың шығармашылық және танымдық істерге араласуға дайындығын дамыту;
- Отанға, елге сүйіспеншілік, патриоттық сезімін арттыру;

- Оқушыларды сабақта және сабақтан тыс шараларда белсенділік көрсетуге, өзін-өзі басқара білуге үйретуді одан әрі дамыту;
- Оқушы ойын еркін, ашық жеткізе алатындай орта қалыптастыру;
- Ата-анамен жұмысты нығайту.

Осыдан төмендегідей нәтиже күттік:

- Сынып жетекшілердің, тәрбие саласы мамандарының жұмыс белсенділігі артады;
- Сынып жетекшілері мен тәрбие саласы мамандары сабаққа дайындалуда оқу – тәрбие үрдісін тек жоспарлап қоймай, іске асырады;
- Мұғалім қазіргі оқыту жүйесінің ерекшелігін семинарлар мен тәжірибелерде, сабақты жүйелі түрде талдау мен өзіндік талдауды жүзеге асыра алатын болады, жоспарлаудың тиімді тұстарын іздей бастайды;
- Ата-анамен жұмыс түрлерін дамытуға зор мүмкіндіктер ашады.

Қойылған проблема, оны шешудегі мақсат, міндеттер, күтілетін нәтижелер 2021-2022 оқу жылында орындала алды.

1. 2021-2022 оқу жылы бойынша сынып жетекшілер, тәрбие саласының мамандары еліміздегі эпидемиологиялық жағдайларға қарамастан, барлық санитарлық талаптар сақтала отырып барлық дерлік тәрбие сағаттар, сыныптар тыс жұмыстар, спорттық сайыстар, түрлі байқауларды, тәрбиелік шараларды ұйымдастыра алды.
2. Тәрбие саласындағы шаралардың өткізілу жағдайлары бойынша сынып жетекшілер мен тәрбие саласы мамандары түрлі деңгейдегі курс-семинарларға қатысты.
3. Сынып жетекшілер мен тәрбие саласы мамандары өздерінің жылдық жоспарларын Әдістемелік нұсқау хаты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс –шаралар жоспары; Ақтөбе облысы білім басқармасының 2019 жылғы 19 тамыз № 252 санды, Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы № 255 бұйрығы және іс-шаралар жоспарын басшылыққа ала отырып, мектебімізде тәрбие жұмысының іс-шаралар жоспары 8 бағыт бойынша құрып жыл бойы жұмыстана алды. Шаралардың барлығы 100% орындалды.
4. Сынып жетекшілер, тәрбие саласы мамандары тәрбие жоспарын жоспарлауда, тәрбие сағаттар, сыныптан тыс шаралар, спорттық сайыстар, түрлі деңгейдегі байқауларды ұйымдастыруды, өткізуде түрлі курс,

семинарларға қатысты. Сол арқылы өткізілген шараларды талдау жасауды үйрене алды.

5. Сынып жетекшілер, тәрбие саласы мамандары «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, «Қоғам құндылығы» арнайы жобасы негізінде биылғы оқу жылында ата-аналармен жұмыс жасады. Әкелер, аналар клубтарының жоспарлары негізінде тәрбиелік шаралар онлайн форматта ұйымдастырылып өткізілді.

2. Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие жұмысының Тұжырымдамасы негізінде тәрбие жұмысының 8 бағыттары бойынша Теректі негізгі мектебінде төмендегідей бағыттар қамтылып оқылды.

Соңғы үш оқу жылында оқу-тәрбие жұмысының жоспары бойынша атқарылған шаралардың сандық көрсеткіші:

№	Тәрбие бағыттары	2020-2021	2021-2022
1	Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу	57	62
2	Рухани-танымдық тәрбие	43	43
3	Ұлттық тәрбие	32	50
4	Отбасылық тәрбие	25	36
5	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	27	32
6	Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие	31	41
7	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу	30	31
8	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	36	50

Өткен оқу жылдарымен салыстырсақ биылғы оқу жылында басымдықты «Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу», «Ұлттық тәрбие», «Отбасылық тәрбие» бағыттарына басымдылық танытылды. Себебі биылғы оқу жылында тәрбиенің проблемасы бойынша жұмыс бірінші бағыт бойынша жүргізілсе, үшінші, төртінші бағыттар бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, «Қоғам құндылығы» арнайы жобасы аясында көптеген жұмыстар жасалынды.

3. Теректі негізгі мектебінде оқушылардың тәрбиелік деңгейінің өсу көрсеткіштерінің өзгеруі бойынша төмендегідей жұмыстар жасалынды.

- оқу жылының басында оқушылардың тәрбиелік деңгейін анықтай бойынша «Капустин» әдістемесі бойынша оқушылардан сараптама алынды. Сараптама қорытындысы бойынша соңғы 1 жылдық көрсеткіш:

Бала саны	Жалпы бала саны	Тәрбиелік деңгейі жоғары	Тәрбиелік деңгейі жақсы	Тәрбиелік деңгейі орташа	Тәрбиелік деңгейі төмен
Оқу жылдары					

2022-2023	45	25	20	0	0
-----------	----	----	----	---	---

Көрсетілген мәліметтерден тәрбиелік деңгейі жоғары және тәрбиелік деңгейі жақсы оқушылардан өзгеріс байқауға болады. Өзгеріс неден? Өзгеріс: оқушылардың сабақтан қалуынан, оқушылардың сабаққа кешігуінен, оқушыға мұғалім тарапынан берілетін ескертулерден, сабаққа дайындығынан. Аталған кемшіліктер нәтижесінде «Капустин» әдістемесі бойынша өзгерістер орын алды.

- «Тәрбиесі қиын» оқушы ретінде мектепшілік есепте оқу жылының басыныннан бастап аяғына дейін ешқандай оқушы тіркелген жоқ.

- 4. Мектепте қосымша білім беруден «Шахмат» үйірмесі, «Үстел тенісі» үйірмелері жұмыс жасады және де спорттық әртүрлі үйірмелер жұмыс жасады. Үйірме жұмыстары бойынша оқушылар жыл бойы белсене қатысып әртүрлі аудандық, облыстық жарыстардан жоғары нәтижелер көрсетті.

5. Мектептегі сынып комплектісінің санына орай барлығы 7 сынып жетекшісі жұмыс жасайды. Әр сыныпқа сынып жетекшілер бұйрықпен бекітілген. Тәрбие жұмысының кешенді бағдарламасына сай 8 бағытты қамти отырып жылдық жоспар бекітіліп жұмыс жасады.

1 сынып жетекшісі А. Бейсова Сыныпта 8 оқушы – 5 ұл, 3 қыз. Сынып жетекшісі сыныппен оқушыларды рухани-адамгершілікке, патриоттықлыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу арқылы жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру мақсат қойған. Сынып жетекшісі қойған мақсаты бойынша жұмыстанған.

2 сынып жетекшісі Г. Жұмабаева Сыныпта 3 оқушы – 2 ұл, 1 қыз. Сынып жетекшісі сыныппен оқушыларды рухани-адамгершілікке, патриоттықлыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу арқылы жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру мақсат қойған. Патриоттық бағытта жұмыстар жақсы қамтылған, салауатты өмір салтын, рухани адамгершілікке тәрбие бойынша жұмыстар толық қамтылған.

3 сынып жетекшісі Б. Бауеденова Сыныпта 8 оқушы – 1 ұл, 7 қыз. Сынып жетекшісі сыныппен оқушыларды рухани-адамгершілікке, патриоттықлыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу арқылы жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру мақсат қойған. Сынып жетекшісі алдына қойған мақсат бойынша жұмыстанған.

4 сынып жетекшісі Б. Аяпбергенова Сыныпта 4 оқушы – 2 ұл, 2 қыз. Сынып жетекшісі оқушыларды патриоттыққа, адамгершілікке, ұлттық салт-дәстүрді құрметтеуге, жан-жақты тәрбиелеу бойынша жұмыс жасауды мақсатта қойған. Сынып жетекшісі алдына қойған мақсат бойынша жұмыстанған.

5 сынып жетекшісі Г. Досниязова Сыныпта 4 оқушы-2ұл, 2-қыз. Сынып жетекшісі сыныппен оқушыларды рухани-адамгершілікке, патриоттықлыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу арқылы жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру мақсат қойған. Сынып жетекшісі қойған мақсаты бойынша жұмыстанған.

6 сынып жетекшісі Г. Досниязова сыныпта 6 оқушы – 2ұл, 4 қыз. Жас ұрпақты дүниедегі жақсы және жаман нәрселерді ажырата білуге, өткен жылғы білімдерін есепке ала отырып одан әрі дамыту, елдің ертеңгі өмірдегі орнын сезіндіру, парасатты көзқарасын қалыптастыру мәселесі бойынша жұмыс жасады. Сынып оқушыларының диагностикалық карта-мінездемесі мен оқушылардың тәрбиелік деңгейін анықтау жолдары диагностикасы жасалынып

алынды. 8 бағыт бойынша тәрбие жұмысының тақырыптық-күнтізбелік жоспары құрылып бекітілді.

7 сынып жетекшісі А. Жалмұханова сыныпта 2 оқушы – 1 ұл, 1 қыз. Оқушыларды рухани-адамгершілікке, патриот арқылы жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру мәселесі бойынша жұмыс жасайды. Сынып жетекші алдына қойылған мақсат бойынша жұмыстанған.

8 сынып жетекшісі А. Жалмұханова Сыныпта 4 оқушы – 2 ұл, 2 қыз. Сынып жетекшінің сыныппен жұмыстанатын мақсаты ұлттық салт-дәстүрімізге сай тәрбие бере отырып, адамгершілігі мол жеке тұлғаны қалыптастыру арқылы білімді ұрпақ тәрбиелеу. Сынып жетекші жыл бойы алдына қойылған мақсатпен жұмыстанған.

9 сынып жетекшісі Д. Сисенбаев Сыныпта 6 оқушы – 2 ұл, 4 қыз. Сынып жетекшінің сыныппен жұмыстанатын мәселесі оқушы бойына ұлттық сананы сіңіру, адамгершілік пен ұлтжандылыққа, өз Отанын сүйетін өскелең ұрпақ тәрбиелеу. Сынып жетекші өзінің алдына қойған мақсаты бойынша жыл бойы жұмыстанған.

6. Теректі негізгі мектебінде «Мектеп-ата-ана - оқушы» үштігі бірлестігіне орай жыл бойы ата-аналармен онлайн форматта жұмыстар жүргізілді. Жалпы мектепте жылына 3 рет жалпы ата-аналар жиналысы, 5 рет сыныптар бойынша ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. Жиналыстың барлығы онлайн, оффлайн форматта зумм платформасы, ватсап желісі арқылы ұйымдастырылды. Ата-аналар түгел дерлік қатысты. Отбасындағы тәрбие мәселесіне байланысты мектебімізде «Отбасы-өмір ұясы» ата-аналар мектебі, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы «Қоғам құндылығы» арнайы жобасы аясында мектебімізде «Әкелер» клубы, «Аналар» клубы мектебі. Аталған клубтар бойынша жыл бойы онлайнда, оффлайн да форматта жұмыстар ұйымдастырылды. Ата-аналар әлеуметтік серіктестік құрылып жұмыстар жүргізілді. Сонымен бірге мектеп психологы әр түрлі тақырыптарда ата-аналарға тренингтер ұйымдастырды.

7. Теректі негізгі мектебінде оқу жылы бойынша көптеген апталық, онкүндік, айлық жұмыстар ұйымдастырылды. Жұмыстарға барлық сыныптар түгелдей қатысты. Барлық сыныптарда тәрбие сағаттар, сыныптан тыс жұмыстар, байқаулар, тб шаралар ұйымдастырылды. Шараларды сынып жетекшілермен бірге тәрбие мамандары да ұйымдастырып отырды. Тәрбие сағаттар мектепте өткізіліп отырылса, шаралардың көбісі онлайн форматта ұйымдастырылды.

8. Кластардағы тәрбие жұмысының ұйымдастырылып жүргізілуі сынып жетекші жұмысына байланысты. Сынып жетекші ұйымдастырылатын тәрбие сағаттар жыл бойы интеллектуалды сайыс, дөңгелек үстел, сыныптан тыс шара, конференция, сайыс, квест, сурет байқаулары, спорттық сайыстар, онлайн саяхаттар. Олардың көрсеткіші бойынша төмендегі кестеде көрсетілген.

№	Қолданылған әдіс түрі	Қолданылуы
1	Интеллектуалды сайыс	15
2	Дөңгелек үстел	5
3	Сыныптан тыс шара	20
4	Онлайн саяхат	5
5	Квест	3

6	Конференция	2
7	Сайыс	27
8	Сурет байқауы	15
9	Спорттық сайыс	36
10	Онлайн саяхат	16

9. Қорытынды

Теректі негізгі мектебі бойынша 2021-2022 оқу жылында жүргізілген жұмыстар жыл бойы жұмыс жасауға алынған проблема, оны шешу жолындағы мақсат, міндеттер бойынша жұмыс жүргізілді. Жұмыстар барысында төмендегідей келеңсіздіктер мен сәтсіздіктер орын алды:

- Жұмыстың онлайн форматта ұйымдастырылуы
- Мектепте ата-ананың келе алмауы
- Онлайн жұмыстарға балалардың қызығушылық танытпауы
- Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде мектепшілік есепке бала алынуы

Келесі оқу жылына тәрбиенің тұжырымдамасы, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, «Қоғам құндылығы» арнайы жобасы негіздерінде алынатын болады.

Директордың тәрбие орынбасары: Г.Е.Қазыбаева